

«Бекітемін»

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

МКҚК менгерушісі:



Жармагамбетова Т.Ж.

Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері

сараптама

Тәрбиеші: Тулегенова Б.Қ.

2024-2025 оқу жылы

**№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі Тулегенова
Бибиғұл Каникызының 2024-2025 оқу жылында өзекті мәселе бойынша
жасалынған жұмыстар туралы мәлімет.**

Өзекті мәселе: *Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері.*

2024-2025 оқу жылында «Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері» алға қойған өзекті мәселесі бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды.

Дәстүрден тыс сурет салу әдістері - бұл дәстүрлі емес әдістердің көмегімен (саусақтармен сурет салу, алақанмен сурет салу, жұдырықпен сурет салу) жана, ерекше өнер туындысын жасау тәсілдері. Бұл балалар үшін ойлау, тырысу, іздеу, тәжірибе жасау, ең бастысы – өз ойын білдіру үшін үлкен мүмкіндік. Сурет салу бұл өзін-өзі көрсетудің күшті құралы. Басты мақсат - баланың қалыпты дамуы мен жеке өсуіне ықпал ету, балаға өзін және қоршаған әлемдегі өзінің орнын білуге көмектесу. Өз сезімдерін қағазға түсіруді үйрене отырып, бала басқаларды жақсы түсіне бастайды, ұялшақтықты, сәтсіздікке ұшыраудан қорқуды жеңуге үйренеді.

«Балапан» тобының күнделікті сурет салу әрекетінде дәстүрден тыс сурет салу әдістері қолданылды, атап айтсақ, саусақпен, алақанмен, түзбен, майшаммен, табиғи құралдармен сурет салу, тұрмыстық құралдармен сурет салу тағы да басқа көптеген әдістер. Балаларға қолданылған әдістердің барлығы қызық көрінді, олардың іс-әрекетке қызығушылықтары байқалды.

Аталған тақырыпта Мәртөк аудандық білім бөлімінің қолдауымен әдістемелік кітапша шығарылды. Кітапшаның мақсаты: өз тәжірибемді тарату, бөлісу. Кітапша ішіне сурет салудың дәстүрден тыс әдістері кіргізілген ойын әрекеттері, вариативтік бағдарлама үлгісі жазылды.